

Көсембай негізгі мектебі

Кітапханашы: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Тақырыбы: Том Сойермен таныспыз.

«Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» жобасы аясында дауыстап оқу сағаттарында америкалық жазушы Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» романына арналған әдеби -қойылымды танымдық сағаты.

Мақсаты: Оқушыларға өздері оқып, танысқан Том Сойердің басынан кешкен оқиғалары» романымен және авторы Марк Твеннің шығармашылығынан жан - жақты деректер бере отырып, танымдық көзқарастарын қалыптастыру, шығармашылыққа шыңдау.

Дамытушылық: Оқушылардың ой тұжырымдарын, әдеби тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, актерлік шеберліктерін шыңдау.

Тәрбиелік: Оқырмандардың тіл шеберлігін, дүниетанымдық көзқарасын арттыру, имандылыққа, парасаттылыққа отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Марк Твеннің кітаптары, слайд, «Том Сойердің басынан кешкен оқиғалары» кітабынан оқушылардың өз қолынан салған суреттері.

Жүру барысы:

Кітапханашы: Қош келдіңіздер!

I."Том Сойер" фильмінен үзінді. (2011). Режиссер: Хермини Хунтгебурх.

Автобиография

Марк Твеннің шын есімі - Сэмюэл Лэнгхорн Клеменс. Қазіргі кезде ел-жұрт оны талантты жазушы, әйгілі қоғам қайраткері ретінде таниды. Марк Твен 1835 жылдың 30 қарашасында АҚШ-тағы Миссури штатында дүниеге келді. Он екі жасқа келгенде әкесі дүние салып, отбасы материалдық қиындыққа қалады. Осының әсерінен жас бала типографияға жұмысқа тұрып, жастайынан еңбекке араласты. Тап сол жерде өзінің туған ағасы да жұмыс істейтін еді. Сонда жүріп Сэм аздап мақала жазуды да меңгерді.

18 жасқа келгенде елді аралап, саяхаттап та үлгерді. Сонымен қатар кітап оқуды ерекше сүйетін еді. Бала кезінен бастап Теккерей, Диккенс, Эдгар По, Шекспир, Сервантес секілді классиктердің еңбегімен таныс болған ол өте білімді болып өсті.

Кейінірек Сэмның бала арманы орындалып лоцманның көмекшісі болып қызметке орналасты. Тіпті өз бетінше кемелерді де басқара алатын жағдайға жетті. Бірақ көп ұзамай басталған азаматтық соғыс оған бұл салада еңбек етуге мұрша бермеді.

1861 жылы Сэм ағасымен қосылып елдің батысына күміс кенінің көзіне байлық іздеп аттанады. Дегенмен бұл талпыныстан ештеңе шықпады. Есесіне Сэм Клеменс осында жүріп жазушылық қабілетін шыңдады. Осылайша 1863 жылы оның алғашқы әңгімесі жарық көрді. Туынды «Mark TWAIN» деп аталды. Осының әсері болса керек, кейінірек Сэм Марк Твен деген лақап атпен таныла бастады..

Түрлі саланың адамдарымен таныстығы оны жазушы ретінде дамыта түсті. Неге десеңіз осы білгендері арқылы ол Америка халқын әзіл-қалжың формасында сипаттап, көптеген туындылар жазып шықты.

Шыны керек, Твенді бастапқы кездері ешкім тұлға ретінде қабылдаған жоқ. Бірақ кейінірек Марк Америка прозасында төңкеріс жасады. Қарапайым халықтың бет бейнесін шынайы бейнелеп, көпшіліктің жүрегін жаулап алды. Тіпті біршама шығармалары кейінірек экранизацияланды.

Қазақ оқырмандарына жазушының «Том Сойердің бастан кешкендері», «Ханзада мен жарлы», «Гекльберри Финнің оқиғасы» атты еңбектері кеңінен танымал. Марк Твен 1910 жылдың 21 сәуірінде дүниеден озды.

Бұл кітапта баяндалатын оқиғалардың басым бөлігі кәдімгі өмірден алынған: бірекеуі өзімнің көрген- білгендерім, ал қалғандары – менімен мектепте бірге оқыған балалардың басынан кешкендері. Гек Финнің образы шындықтан алыс кетпейді, Том Сойердің бейнесін сомдағанда өзім білетін үш баланың жинақталған мінез-құлқын пайдаландым, сондықтан оны жиынтық кейіпкерге жатқызуға болады.

II.«11 сұрақ» айдары.

(5-6 сынып оқушылары 11 болғандықтан 11 сұрақ қойылды.)

- 1) Шығармада америка халқының қай ғасырын суреттейді? (18 ғасырды)
- 2) Томның нағашы апасы, яғни апайының есімі кім? (Полли)
- 3) Роман қай жылы шыққан? (1876ж)
- 4) Орыс тілінен аударған қазақ ақыны кім? (Фариза Оңғарсынова)
- 5) Томға сабақ оқытып, дұрыс жүруін қадағалайтын жаныашыр жан кім? (Мэри)
- 6) Том ұнатқан қыздың есімі кім? (Бэки)
- 7) Том аптаның сенбі күнің жек көреді, не үшін? (Жексенбілік мектепке барады)
- 8) Романдағы жас қанғыбас кейіпкер. (Гекльберри)
- 9) Зират басында өлтірілген доктордың есімі. (Робинсон)
- 10) Үндіс Джо доктор Робинсонды өлтіріп, қылмысын кімге жапты. (МэриПоттерге)
- 11) Томның арманы қандай еді?

III. Оқимыз, ойнаймыз.

Романның алтыншы тарауы бойынша «Томның айласы» тақырыбында кішкене қойылымды тамашалаңыздар.

Рөлдерде:

Автор: Айдана

Том- Ернияз

Сид- Мейрамбек.

Полли апай – Айым.

Мэри – Айдана.

IV. Криптограмма.

Мына берілген кесте бойынша әріптерді дұрыс жинасаңдар кітаптан Томның іс - әрекеті жөнінде үзіндіні естеріне түсіресіңдер. Және осы тараудың тақырыбы қалай аталады екен?

Том кәнігі суретшілердің көзімен өзінің соңғы жұмысына бір қарап алып, бояғышпен тағы бір сипап өтті де, кейін шегініп, өз ісіне риза көңілмен көз салды.

V. Кейіпкер бейнесі.

- 1) Басқа балалардан Томның ерекшелігі қандай?
- 2) Жазушы романды жазудағы мақсаты не болды деп ойлайсыздар?

Оқушылар жауабы.

Сейткерев Мейрамбекке оқуға құштарлығы үшін Ұлан газетін сыйға тарту.

Қорытынды сөз: Әр ұлттың, әр елдің әдебиетінде тентектеу келген, балалық ойынымен неше түрлі бұзақылық жасап, кейде опық жейтін, бірақ сондада бойындағы ерекше қасиетімен, табандылығымен әр адамның балалық шағын есіне түсіретін кейіпкерлер баршылық. Әлем әдебиетіндегі сондай бозбала кейіпкерлердің бірі – Том Сойер. Біздің Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасындағы Қожаны көз алдыңызға елестетіңіз. Том Сойерді оқи отырып, Қожаның тентектігін, әр бұзақылық сайын қателігін қайталамауға уәде берсе де, келесі бір тәртіпсіздікке ұрынатынын; Жантас секілді өзіне жағымсыз балаларды көргенде сазайын беруге дайын тұратын, оларды келекелеп, мазақ етуден де тайынбайтын; кейбір істерімен оқырманға еріксіз күлкі сыйлайтын; өзінің тентектігінен анасының немесе апайының (Томның анасы жоқ. Ол апайының қолында өскен) көзіне жас алмағанын қалайтын баланың бейнесі санаңызда өзіңіздің балалығыңыздың бір бөлшегіндей болып сайрап тұрады. Балалық шақтарыңыз қызыққа толы, айналаңызды зілсіз шытырман оқиғаға толтыратын өмірдегі бір- бір кейіпкер болуларыңызға тілектеспін.

